


# Қазақстан Тау Мұздықтары

Орындағандар: Бейсенбаев Е.А.  
Иса Д.Ғ.  
Қабылдаған: Қазақбаева Т.М.





Қазақстандағы жер беті ағын суы қорының негізгі көзі – мұздықтар суы. Таулық өңірлерден жалпы ауданы 2033,3 км<sup>2</sup>-лік 2724 мұздық анықталды (1985). Жалпы мұз басудың тең жартысына жуығы (1000 км<sup>2</sup>-ден астам) Жетісу Алатауында (мұздық аумағы 1369 км<sup>2</sup>), қалғаны Іле мен Күнгей (610,7 км<sup>2</sup>), Теріскей (144,9 км<sup>2</sup>) Алатауларында, Алтай мен Сауыр жоталарында (106,2 км<sup>2</sup>), Қырғыз және Талас Алатауларында (101,5 км<sup>2</sup>).




**Қазақстан мұздықтарын 3 топқа  
жіктеуге болады:**

аңғарлық мұздықтар

беткейлік мұздықтар

денудациялық беткейлер мұздықтары  
(жұмыр, мүжіле тегістелген шыңдарда)



Осылардың ішінде көбірек таралғандары (жалпы мұздықтардың 66%-ы) аңғарлық мұздықтар. Аңғарлық мұздықтардың көпшілігі Қазақстан табиғатын (әсіресе таулы өңірлерін) зерттеуге аса зор үлес қосқан ғалымдардың, әдебиет және мәдениет қайраткерлерінің есімдерімен аталған. [Іле Алатауындағы](#) Талғар массивімен байланысты күрделі аңғарлық ["Корженевский мұздығы"](#) – Қазақстандағы аса ірі мұздық болып саналады: ұзындығы 11,7 км, ауданы 38,0 км<sup>2</sup>, мұзының жалпы көлемі 6,32 км<sup>3</sup>. Аңғарларда және аңғарлық беткейлерде қалыптасқан мұздықтардың көпшілігінің қалыңдығы 50 – 100 м, ал таудың жоғары беткейлеріндегі мұздықтардікі 10–30 м.

Мұздықтардағы мұздың жалпы көлемі 100 км<sup>3</sup>. Мұз басудың төменгі шекарасы мен фирн (мұзқар) сызығының (мұз шоғырының көбеюі кезіндегі жоғарғы және еріп азаюы кезіндегі төменгі бөліктері арасындағы шегі) абсолюттік биіктігі солтүстіктен оңтүстікке және батыстан шығысқа карай арта түседі. Егер де Алтайда бұл көрсеткіш 2500–2800 м болса, Тянь-Шань тауында 3500–3800 м. Бұның өзінде оңтүстік беткейлерге қарағанда солтүстік беткейлердің шекарасы 200–250 м төменірек жатады. Қазақстан мұздықтары негізінен тым төмен температуралы келеді. Әсіресе, мұздың үстіңгі 12–15 м қабаты қыс кезінде қатты суынады. Жаз маусымында мұздың 1 м-ге дейінгі беткі қабаты 0°С-ка дейін ғана жылынады. Мұз қабатының жұқалығына, температурасының төмендігіне және жылдық жауын-шашынның шамалы түсуіне байланысты мұздықтар жылына 50–70 м-ге дейін төмен карай баяу жылжиды. Мұздықтардың абляциялық (еру және булану процесінің) маусымы калыпты жағдайларда 2–2,5 айға созылады. Абляцияның көп жылдық орташа мөлшері 1 м шамасында. Мұздық суы – тау өзендерінің толығу көзі. Әр тау өзені ағынының басталар жеріндегі суының 85%-ы, жазыққа шығар бөлігіндегінің 35%-ы мұздық суының үлесіне тиеді.



Республика мұздықтары тартылуда.  
Кейбіреуінің ұзындығы жылына 5–20 м-ге,  
ауданы 1000 м<sup>2</sup>, мұз қоры 0,05– 0,1%-ға кемуде.  
Қазақстанның таулық бөлігінде ауданы 20000  
км<sup>2</sup>-дей көп жылдық тоң белдемі қалыптасқан;  
оның төменгі шегі Алтайда 2000  
м, Сауырда 2300 м. Жетісу Алатауында 2800 м  
және Тянь-Шань жоталарында 3000 м-ге дейін  
төмендейді.

# Алтай мұздықтары

Мұздықтар үлкен биіктікте таралған және кең көлемді қамтиды. Мұз басу ауданы 7300 км<sup>2</sup>, мұздықтардың саны 7700-ден асады. Мұз басудың ең ірі ауданы Орталық Тянь-Шань (Оңтүстік Инелшік мұздығының ауданы 823 км<sup>2</sup>, ұзындығы 60 км-дей). Ірі мұздықтар Іле, Қырғыз, Теріскей Алатауларында, Ақшырақ, Көкшаал-Тоо, Шығыс Тянь-Шаньдағы Еренқабырға, Халықтау, т.б. жоталарда шоғырланған. Көбінесе аңғарлық, кар және ілінбе мұздықтар сипаттындағы өзендері Орталық Азияның ішкі алаптарына (Нарын, Сарыжаз, Сырдария, Іле, Шу, Тарим, т.б.) жатады. Ірі көлдері – Ыстықкөл, Сонкөл, Шатыркөл.

# Теріскей Алатауы

**Теріскей Алатау** (қыр. *Тескей Ала-Тоо*) — Орталық Тянь-Шаньдағы таулы жота. Батысы Шу аңғарынан басталып доғаша иіліп, шығысында Хантәңіріне дейін 380 км-ге созылып жатыр. Ең биік жері шығысында (5216 м). Жотадағы мұздану ауданы 1080 км<sup>2</sup>. Солт. беткейінің 2100 – 2900 м бөлігінде шыршалы орман өседі.





Назарларыңызға рахмет!

